

"Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1056 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 610 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 6 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4476 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 561 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.11.20. N 561 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылаудың рәсімдерін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1056 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3335 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2005 ж. N 3-8, 23-құжат, "Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында МАБ-ты өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1056 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2006 жылғы 7 ақпандағы N 61 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4088 тіркелген, 2006 жылғы 10 наурыздағы N 42-43 (1022-1023) "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу ережесінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. 9-сыныптарда МАБ-ты тапсыру үшін орыс тілінде оқытатын

мектептердің оқушылары үшін - қазақ тілі, қазақ тілінде оқытатын мектептердің оқушылары үшін - орыс тілі міндетті болып табылады.

МАБ өткізілетін басқа да оқу пәндерінің тізбесін, сондай-ақ мектептердің, МАБ рәсімнен өткізілетін оқушылардың тізімдерін жыл сайын министрлік белгілейді.";

13-тармақтағы "1 астрономиялық" деген сөз "45 минут" деген сөзбен ауыстырылсын;

30-тармақ "Сертификат студенттің жеке ісінде сақталады" деген сөйлеммен толықтырылсын.";

3 2 - т а р м а қ т ы ң :

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер медициналық мамандықтар бойынша шекті деңгей жалпы тест тапсырмаларының 50 % дұрыс жауаптарына, барлық қалған даярлау бағыттары мен мамандықтар бойынша 35 %-ға тең болса тестілеудің нәтижесі бойынша студент сынақ бағасын алады";

үшінші абзацы мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Анықтаманың көшірмесі МАБ аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде Министрлікке ұсынылады";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. МАБ-тың негізгі рәсімдерінің нәтижелері бойынша 7 % оқушылары 25 % және одан да көп мамандықтар бойынша шекті деңгейден өте алмаған білім беру ұйымдары кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға жатады.".

2. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4229 тіркелген, 2006 жылғы 26 мамырдағы N 94-95 (1074-1075) "Заң газетінде" жарияланған "2006 жылы Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылауды өткізу үшін шекті деңгейді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 214 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті (Б.Әбдірәсілов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрілігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

